

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 10 ақпан N 146

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының "Астық туралы" Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Астық туралы" Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 2, 12 бет) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 . 1 б а п т а :

2) және 4) тармақшалар алынып тасталсын;

7) тармақшада "және (немесе) номинал ұстаушы" деген сөздер "кепіл ұстаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"сәйкестігі" деген сөз "оның сәйкестігін анықтайтын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"және малдәрігерлік-санитарлық" деген сөздер "малдәрігерлік және фитосанитарлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) т а р м а қ ш а д а :

"астықпен" деген сөзден кейін "астық рыногына қатысушылармен жүргізілетін" деген сөздермен толықтырылсын ;

"сақтау" деген сөзден кейін ", қайта өңдеу" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту - оның бөлігін сату және жаңа егіннің астығының есебінен мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің белгілеген көлемін және керекті сапасын қамтамасыз ету мақсатында жаңа егіннің астығын сатып алу " ;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) мемлекеттік ресурстар астығының орнын ауыстыру - мемлекеттік ресурстар астығын бір астық қабылдау кәсіпорнынан басқасына тасып әкету;"

20), 21), 23), 24), 25) тармақшалар алынып тасталсын;

27) тармақша "тасып әкету" деген сөздерден кейін ", қайта өңдеу" деген сөздермен толықтырылсын;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігінің қоры астық қабылдау кәсіпорындарының өздерінің берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан астық қолхатын ұстаушылардың мүддесін қорғау мақсатында құрылатын заңды тұлға;"

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) астықты сақтау - астықты қабылдауды, өлшеуді, кептіруді, тазалауды, сақтауды және тиеуді қосатын технологиялық қызметтер кешені;"

2 . 4 б а п т а :

4) тармақша ", сондай-ақ астық қолхаттары реестрінің мәліметіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарға" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "қорғау" деген сөзден кейін "және карантин" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша алынып тасталсын.

3 . 6 б а п т а :

6 тармақшада "дақылдар және өсімдік қорғау" деген сөздер "дақылдар, карантин және өсімдік қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

7), 8), 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астық қабылдау кәсіпорындарының қызметінің астықты сақтау жөніндегі біліктілік талаптарға, сондай-ақ астық қолхаттары реестрінің мәліметіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптарға сәйкестігін бақылау;

8) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзу туралы тапсырмалар енгізу, әкімшілік тәртіп бұзу туралы істерді қарау және әкімшілік жаза салу;

11) астықтың сандық-сапалық есебі, сақтауы, сондай-ақ астық қолхаттарын беру, жою және айналымы бойынша ережелік құқықтық кесімдемелер әзірлеу және бекіту;"

12), 13), 14) тармақшалар алынып тасталсын.

4 . 7 б а п т а :

1 тармақ "санитарлық" деген сөзден кейін "және фитосанитарлық ережелер және" деген сөздермен толықтырылсын;

2 тармақ ", оның аумақтық органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 3 т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) фитосанитарлық бақылау.";

6 тармақша алынып тасталсын.

5. 8 баптың 3 және 4 тармақтары алынып тасталсын.

6. 9 баптағы 2 тармақ "тасып әкетуге" деген сөздерден кейін "(орнын ауыстыруға)" деген сөздермен толықтырылсын;

7 . 1 0 б а п т а :

3) тармақша "қорғау" деген сөзден кейін "және карантин" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "тұқымдық ресурстар" деген сөздер "тұқым ресурстары" деген сөздер мен ауыстырылсын.

8 . 1 1 б а п т а :

1) 1 тармақтың 3) тармақшасында "тұқымдық астық" деген сөздер "тұқым" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3, 4, 5, 6 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының азық жөніндегі қажеттерін қамтамасыз етуге арналған, сондай-ақ техникалық және басқада мақсаттар үшін пайдалануы мүмкін.

4. Мемлекеттік тұқым ресурстары - төтенше жағдайларда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көмек көрсету, Қазақстан Республикасының тұқым материалына деген қажеттігін тұрақты қамтамасыз ету, сорт жаңартуды, сорт алмастыруды жүргізу, мемлекетаралық кесімдерді орындауды қамтамасыз ету үшін құрылған және соған арналған мемлекеттік тұқым қорлары.

5. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары - ішкі рынокты реттеу, астықты экспортқа шығаруды қамтамасыз ету, ішкі рынокта сату, гуманитарлық көмек көрсету және мемлекеттік азық-түліктік астық резервін, мемлекеттік тұқым ресурстарын және мемлекеттік жемдік астық ресурстарын жаңарту үшін құрылған және соған арналған а с т ы қ қ о р ы .

6. Мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу бойынша шығындар:

1) мемлекеттік азық-түліктік астық резерві, мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін - республикалық бюджет;

2) мемлекеттік тұқым ресурстары, мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін - Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталған басқа көздер есебінен іске асырылады.

Мемлекет астық ресурстарын сақтау және орнын ауыстыру бойынша шығындар:

1) мемлекеттік азық-түліктік астық резерві үшін - республикалық бюджет;

2) мемлекеттік тұқым ресурстары, мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін - Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталған басқа көздер есебінен іске асырылады.
"

9. 12 баптағы 1 тармақ "жаңарту" деген сөзден кейін ", орнын ауыстыру" деген

с о з д е р м е н

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10. 13 баптың 2 тармағындағы "ерекше" деген сөз алынып тасталсын.

11. 14 баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қабылдау алдында қоймаларды залалсыздандыруды жүргізу, астықты сақтау тәртібін, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ережелік - құқықтық кесімдемелерге сәйкес оның сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз ететін іс ш а р а л а р д ы б ұ з б а у . "

12. 16 бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16 бап. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қ о р л а р ы н ы ң қ а т ы с у ш ы л а р ы

1. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорына (қорларына) астық қабылдау кәсіпорындары ерікті түрде қатысады.

2. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорына (қорларына) құрылтайшы (тең құрылтайшы) болып мемлекеттің қатысуы мүмкін. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорына (қорларына) қатысушысы болу құқығына ерекше астық қабылдау кәсіпорындары ие болады.

3. Астық қабылдау кәсіпорындары - астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорының қатысушылары белгіленген заңнама тәртібімен өз мүліктерін және басқа да иелік мүдделерін қамсыздандыруға (өзара қамсыздандыруға) м і н д е т т і .

Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорына (қорларына) қатыспайтын астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын ұстаушылардың алдындағы келісім-шарт бойынша өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті қамсыздандыру тәртібі бойынша қамсыздандыруы керек.

4. Астық қабылдау кәсіпорындарының - астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорының қатысушыларының осы астық қабылдау кәсіпорындарымен берілген астық қолхаттарын ұстаушылардың талабын орындамау салдарынан пайда болған міндеттемелерін өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталатын Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорларының қатысушыларының қызмет ету ережесіне сәйкес астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорымен кепілдік келісімімен белгіленген тәртіп ж ә н е к ө л е м д е жү р г і з і л е д і .

5. Осы Заңға сәйкес уақытша басқару енгізілген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорының қатысушысы - астық қабылдау кәсіпорнындағы астық қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорымен бірінші кезекте ж ү р г і з і л е д і .

6. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі қорына (

қорларында) мемлекеттің қатысу түрі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталады."

13. 17 баптың 2 тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сақтау бойынша қызметіне қойылатын біліктілік талаптарды сақтау қызметін, сондай-ақ астық қолхаттары реестрінің мәліметіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін және сақталуын жүргізу бойынша талаптарды бақылау (тексеру);".

14. 21 баптың 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астық рыногы мониторингін оның қатысушыларымен жүргізу, астық қабылдау кәсіпорындарына астық сақтау қызметі бойынша қойылатын біліктілік талаптарын сақтау мәселелері бойынша есептің тізбесін, үлгісін және жүргізу мерзімін және есепті тапсыру мемлекеттік статистика органының келісімі бойынша уәкілетті органмен белгіленеді."

15. 24 бапта:

1) 1 тармақтағы "біліктілік талаптарға сай келуі" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Астық қабылдау кәсіпорыны уәкілетті органға тексеру тапсырысында көрсетілген мәселелерді тексеруді жүргізуге, сондай-ақ тексеруді жүргізуге керекті барлық ақпарат көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдесуге міндетті."

16. Мынадай мазмұндағы 24-1 баппен толықтырылсын:

"24-1 бап. Мемлекеттік астық инспекторы және оның өкілеті

1. Уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметкерлерін тиісті лауазымдарына "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас астық инспекторы" және "Мемлекеттік астық инспекторы" деген қосымша арнайы атақ беруге құқылы.

2. Уәкілетті органның мемлекеттік астық инспекторларының:

1) астықтың сапасына мемлекеттік бақылауды жүргізуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдемелерімен белгіленген тәртіппен астықты өндіру, қабылдау, сақтау, тиеп жіберу және қайта өңдеу орындарына кедергісіз кіруге және мемлекеттік бақылауды және астық рыногы мониторингін жүргізуге керекті ақпаратты алуға;

3) астық қабылдау кәсіпорындарының астық сақтау қызметі бойынша қойылған біліктілік талаптарына сай келуіне бақылауды жүргізуге;

4) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзу жөнінде тапсырма шығаруға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза салуға;

5) лицензия әрекетін тоқтата тұруға және (немесе) қайтарып алуға, астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқаруды енгізуге, астық қабылдау кәсіпорнына немесе оның лауазымды тұлғасына айыппұл жазасын салуға ұсыныс беруге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқада өкілеттілікті іске асыруға құқығы бар."

17. 25 бапта:

1) 1 тармақтағы "рынокты реттеу" деген сөздер "сақтау, сандық-сапалық есептеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3 тармақтағы "сотпен" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

18. 26 баптың 1 тармағында:

1) 1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

1 тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қабылдау қолхатынан туындайтын міндеттемелерді орындамау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған фитосанитарлық тәртіппен ережені бұзу;" ;

2) мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) астықтың сандық және сапалық көрсеткіштерін бұрмалау фактілерін анықтау."

19. 28 баптың 2 тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астықты сақтау бойынша келісім-шарт міндеттемелерін әрдайым ұқыпты орындамағаны ;

2) астық қолхаттарымен қамтамасыз етілген астық көлемінің астық қабылдау кәсіпорнында сақталған астықтың ақиқат көлемінен асып кеткені."

20. 37 және 39 баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"37 бап. Астық қабылдау кәсіпорындарын жойғанда астық қоймаларын сату ерекшеліктері

Астық қабылдау кәсіпорындарын жойғанда астық қоймалары оны сатып алушының астығы сақтау мақсатына пайдалану жағдайында бірыңғай лотпен сатылады."

39 бап. Астық қолхаты

1. Астық қабылдау кәсіпорыны астықты сақтауға қабылдағанын дәлелдеуге астық қолхатын - екіжақты астық куәлігін береді.

2. Астық қолхаты қажет болғанда бір-бірінен ажырайтын екі бөліктен тұрады - қойма куәлігінен және кепілдік куәлігінен. Астық қолхаты және оның әр бөлігі эмиссияға жатпайтын ордерлі құнды қағаз болып есептеледі.

3. Астық қолхатының әр бөлігінің мынадай бірдей реквизиттері болуы керек:

1) уәкілетті орган беретін код;

2) астық қолхаты бланкасының номері және сериясы;

3) астықты қабылдап алған салық төлеуші астық қабылдау кәсіпорынының атауы, қайда орналасқаны және тіркеу номері;

4) астық қабылдау кәсіпорынының реестрі бойынша астық қолхатының ағымдағы нөмірі ;

2. Кепілдік куәлігінен бөлінген қойма куәлігін ұстаушы астық қабылдау кәсіпорнында сақтаудағы астыққа иелік етуге құқылы, бірақ заңнамада белгіленген тәртіппен кепілдік куәлігі бойынша берешекті өтегенге дейін астық қабылдау кәсіпорнынан астықты босатуды талап етуге құқығы жоқ.

3. Кепілдік қолхатын ұстаушының құқығы бар:

1) қойма куәлігін кепілдік куәлігінен бөлген тұлғадан кепілдік куәлермен расталған берешек соманы қайтаруды және ол бойынша сыйақы төлеуді талап етуге;

2) астықтың кепілдік куәлігінде көрсетілген кепілдік куәлігімен расталған берешек соманы қайтару туралы және ол бойынша сыйақы төлеу туралы міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін кепілге."

23. Мынадай мазмұндағы 40-1 баппен толықтырылсын:

"40-1 бап. Астық қолхаты және оның бөліктері бойынша құқықты беру

1. Астық қолхаты және оның бөліктері бойынша құқық оларда беру туралы жазуларды жүргізу жолымен беріледі.

Егер кепілдік куәлігі бөлінбесе, астық қолхатындағы индоссамент тек қойма куәлігінде жасалады.

2. Кепілдік куәлігін бөлу осы Заңның 39 бабының 5 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілген белгі сонымен бірге қойма куәлігінде жасалуы керек.

3. Кепілдік куәлігінен бөлінген екі жақты қойма куәлігін немесе қойма куәлігін беруге көнгенде индоссатқа астық қабылдау кәсіпорнымен расталған көпшілік сақтау келісім-шартының көшірмесі беріледі."

24. 41 бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41 бап. Астық қолхаты бойынша астықты беру

Астық қолхатын немесе кепілдік куәлігінен бөлінген қойма куәлігін ұстаушы астықты талап ету үшін астық қабылдау кәсіпорнының тұрған жеріне өзі келуге немесе уәкілетті өкілін жіберуге міндетті.

Астықты беру астық қолхатын ұстаушының өтінішімен өтеуге жататын қойма және кепілдік куәліктерінің түпнұсқасына айырбастаумен іске асырылады."

26. Мынадай мазмұндағы 41-1, 41-2, 41-3 баптарымен толықтырылсын:

"41-1 бап. Кепілдік куәлігі бойынша құқықты жүзеге асыру тәртібі

1. Кепілдік куәлермен расталған ақша міндеттемесі бойынша төлемнің мерзімі келгенде кепілдік куәлігін ұстаушы кепілдік куәлігін қойма куәлігінен бөлген тұлғаға төлем туралы талаппен жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Төлемнің барлық сомасын алған жағдайда кепілдік куәлігін ұстаушы төлемнің барлық сомасын алғаны туралы жазумен кепілдік куәлігін қойма куәлігінен бөлген тұлғаға осы куәлікті қайтаруы керек.

2. Кепілдік куәлігімен расталған ақша міндеттемесінің орындалмаған немесе дұрыс орындалмаған жағдайында кепілдік куәлігін ұстаушы кепілдік куәлігінде көрсетілген

астықты өндіріп алуды талап етуге құқылы.

3. Егер кепілдік куәлігін ұстаушымен астық қабылдау кәсіпорнынан өндіріп алу кезеңінде астық талап етілсе, ал астық қабылдау кәсіпорнына кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің және сол бойынша сыйақының төленгенін растайтын құжат тапсырылған болса, онда кепілдік куәлігін ұстаушы кепілдік куәлігін өтеуге қайтаруға м і н д е т т і .

41-2 бап. Кепілдегі астықты сату

1. Кепілдік куәлігін ұстаушы кепілмен қамтамасыз етілген оның талабы уақытында қанағаттандырылмаған жағдайда, кепілдегі астықты заңнамамен белгіленген тәртіппен сатуға және басқа кепілдік беруші кредиторлар алдындағы өзінің талаптарын жабуға құқылы. Кепілдік куәлігін ұстаушының талабын кепілге қойылған мүліктің құнынан қанағаттандыру, егер келісім-шартпен басқадай белгіленбесе, сот тәртібімен аукцион жүргізу арқылы жүргізіледі. Кепілге қойылған астықты соттан тыс тәртіппен сату кепілдік куәлігін ұстаушының сенім білдірген тұлғасы ұйымдастыратын аукционда ж ү р г і з і л е д і .

Сенім білдірген тұлға кепіл берушіге кепіл туралы келісім-шартта қаралған міндеттеменің орындалмағаны туралы хабарлама дайындайды және бір мезетте бұқаралық ақпарат құралдарында уақыты, өткізетін жері, аукцион тақырыбы туралы, оны өткізу тәртібі, аукционға қатысуды ресімдеу және кепілден астықтың бастапқы сату бағасы туралы ақпараттар кіргізілген аукцион өткізу туралы хабарлау жариялайды .

Аукцион ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланған күнінен бастап он төрт күннен ерте емес мерзімде өткізіледі.

2. Ашық аукционда астық сатудан түскен сома мынадай кезекте бөлінеді:

1) бірінші кезекте аукционды өткізуді ұйымдастыруға байланысты шығындар ж а б ы л а д ы ;

2) екінші кезекте астық қабылдау кәсіпорынының сақтау қызметі бойынша с ы й а қ ы с ы ө т е л е д і ;

3) үшінші кезекте кепілдік куәлігін ұстаушының талабы қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте астық сатудан қалған сома қойма куәлігінің түпнұсқасына айырбастауға қойма куәлігін ұстаушыға қайтарылады.

3. Әрбір кезектің талабы алдындағы кезектің талабы толық қанағаттандырылғаннан кейін қ а н а ғ а т т а н д ы р ы л а д ы .

41-3 бап. Астық қолхатының жоғалуы немесе бүлінуі

1. Астық қолхатының, қойма куәлігінің немесе кепілдік куәлігінің жоғалған жағдайында тиісті куәлікті жоғалтқан тұлға бұл туралы астық қабылдау кәсіпорнына жазбаша түрде тез арада хабарлауға міндетті.

2. Жоғалған астық қолхаты, қойма куәлігі және (немесе) кепілдік куәлігі бойынша құқықты іске асыру сот шешіміне сәйкес пайда болады."

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК